

Н. Жанхан, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫН ЕСКЕРТУ МЕН АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Аннотация. Мақала қоғамдағы өзекті мәнін жоғалтпаған кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен балалардың қараусыз қалуын ескерту бағытында жүргізілетін шаралардың құқықтық реттелу негіздеріне талдау жүргізуге арналады.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстылық, қылмыстық саясат, кәмелетке толмағандар, азамат, отбасы, қоғам, мемлекет, құқықтық тәртіп, қылмыстық жауапкершілік, қылмыскерді ескерту, алдын алу.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алуды кешенді шешу мәселелері белгілі бір жағдайларда жеке тұлғаның қоғамға жат ұстанымдарын тудыруға себеп болатын құбылыстарды жою мақсатындағы ұйымдастырушылық, материалдық ресурстарын тиімді қолдануға бағытталған жан-жақты шараларды жүзеге асыруды талап етеді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізу жүйесі азаматтардың әл-ауқаты, мәдени, тәрбиелік және білім алу деңгейлерін тиісті қамтамасыз етуді талап ететін жалпы әлеуметтік сипаттағы шараларға негізделеді және қылмыстылықпен күрес жүргізудің жалпы жүйесінің бөлігі бола отырып, елеулі ерекшеліктерге ие болады. Бұл ерекшеліктер кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізу шаралары жүйесінде келесідей анықталады:

1) Кешенді шаралар арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік, отбасылық, жастар және қылмыстық саясатына, отбасына және балаларға әлеуметтік, экономикалық және басқа қажетті көмек көрсету, олардың ортасында қадағалаусыз қалғандардың және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын ескерту, қылмыстылықпен күрес жүргізудің аумақтық бағдарламаларына сәйкес құрылады және әрекет етеді;

2) Жеке заңнамалық негізге ие – оңтайлы өмір жағдайын, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, теріс қылықтарды ескерту, қадағалаусыз қалғандармен және қылмыстылықпен күресті жүзеге асыруды ұйымдастыруды реттейтін халықаралық, конституциялық, республикалық және басқа да деңгейдегі құжаттар;

3) Мемлекеттік білім беру, тәрбиелеу, емдік, құқық қорғау және басқа да органдардың, мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен діни конфессиялардың арнайы мамандырылған жүйесінің қызметімен қамтамасыз етіледі, олардың қызметі үнемі республикалық және аумақтық деңгейде үйлестіріліп және реттеліп отырады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізу шаралары барлық балалардың және жасөспірімдердің контингентіне қатысты әртүрлі деңгейде және әртүрлі бағытта жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Олар айрықша жалпы тәрбиелік, алдын алушылық, сондай-ақ арнайы жазалау шаралары түрінде сипатталады¹.

Мақсатты бағыттылығы бойынша бұл шаралар кәмелетке толмағандардың құқыққа қайшы қылықтарын ескертуге, олардың қылмыстық әрекетінің жолын кесуге, сондай-ақ қылмыстардың қайталану мүмкіндігін болдырмауға шақырады. Балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесіне қатысты осы қызметті іске асыруға қатысатын органдар мен мекемелерге тән арнайы құралдар мен әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізуде туындайтын мәселелерді шешу бойынша нақты шаралар мен тұжырымды негіздері мемлекеттік деңгейде бекітілген көптеген құжаттармен анықталады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрес жүргізудің тиімділігін арттыру және туындайтын мәселелерді тікелей шешудің құқықтық реттелу жолдары Қазақстан Республикасының заңнамаларында, қылмыстылықпен күрес жүргізуді нығайту бойынша республикалық мақсатты бағдарламаларда көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңында балалардың қадағалаусыз қалуы және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу мәселелері бойынша түсінікті ақпарат беріледі. Мысалы, жеке алдын алу жұмыстары – олардың әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі немесе құқық бұзушылығы мен қоғамға жат қылықтарын ескерту бойынша әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған кәмелетке толмағандар мен отбасыларды уақытында анықтау бойынша қызметі.

Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы және құқық бұзушылығының алдын алу – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикасы шараларын қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және қадағалаусыз қалудың негізгі міндеттері — кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою; кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оналту; кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру; кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу; кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру болып табылады².

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат: заңдылық; кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау; отбасын қолдау; кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік; өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу; құпиялылық; ғылыми негізділік; жүйелілік принциптері бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жалпы міндеттері теріс қылықтарымен жасөспірімдерге әсер ететін адамдардың қылмыстарын жедел-ізвестіру шараларының көмегімен әшкерелеу, ашу және тергеу жолымен жүзеге асырылады. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын адамдардың қылмыстық жазалаудан бұлтартпастығын қамтамасыз етуі жоғары ескертушілік мәнге ие.

Құқық бұзушылықтардың жеке алдын алу шараларының негізгі элементтері түзеу-тәрбиелеу ықпалдарымен қамтылады. Бұл жеке тұлғаларды қайта тәрбиелеуге мақсатты бағытталған процесс. Себебі, тәрбиелеушілердің, қоғамның және ұжымның ықпалымен тәрбиеленушілер өздерінде жаңа көзқарастар мен сенімді жинақтайды, әлеуметтік-пайдалы әдет-дағдыларды меңгереді, қызығушылықтары, ынта мен бейімділіктерін өзгерте отырып өздерінің сезімдері мен еріктерін дамытады. Басқа жағынан, жеке алдын алу шаралары қоршаған ортаның нақты бір жеке адамға қолайсыз әсер ету мүмкіндіктерін жоюға бағытталған³.

Қылмыстылықты ескерту барлық қоғамдық қатынастарды (экономика, тұрмыс) дамыту мен жетілдіруге бағытталған кешенді шаралармен қамтамасыз етіледі және қоғамға жат құбылыстарға қарсы тұратын қоғамдық ұйымдарды құруға және нығайтуға жағдай жасайды.

Қылмыстылықты ескерту мен алдын алу бағытындағы мемлекеттік саясат өскелең ұрпақтың қолайлы өмірлік жағдайларын жақсартуға, ондай адамдардың әртүрлі типтегі қылықтарының рухани-моральдық және адамгершілік-психологиялық ауытқуларына кедергі келтіруге бағытталған әлеуметтік шаралардан басталуы тиіс.

Осыған орай, қылмыстылықты ескерту мен алдын алудың мемлекеттік-құқықтық тұрғыда басым бағыттары ретінде келесідей шараларды атауға болады:

- кешенді, оның ішінде заңгерлік, қоғамның барлық өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымымен салыстырғанда аса жоғары артықшылық пен ерекшелікті талап ететін ерекше сала ретінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу бойынша отбасы, қоғам және мемлекеттің қызметін нақтылап бөліп көрсету;

- кәмелетке толмағандардың жеке тұлғасының қалыптасуына шешуші ықпал ететін ең маңызды институт ретінде отбасыны бірінші кезекте және барынша нығайту;

- балалар мен жасөспірімдерге отбасыдан айырылумен немесе оның бейберекетсіздігінен жоғалған шығындарын мемлекеттік және қоғамдық институттар арқылы толық және уақытында толтыру жолымен көмек көрсету шараларын жетілдіру; осы жағдайлар үшін тұлғаның қалыптасуына отбасылық тәрбиенің барынша көп жағдайларын жасау;

- мүгедек болып қалған жасөспірімдердің тәрбиеленуіне жауапты адамдардың олардың тағдырына жауапсыздығын жеңу;

- тәрбиелік және профилактикалық қызмет саласын ведомстволық бөлу;

- жасөспірімнің шығармашылық еңбекке табиғи тілек-талаптарын тұрақты дамыту мен толық іске асыруды сақтап қалу үшін жағдайларды жасау және т. б.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591-ІІ Заңының қабылдануымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың және қадағалаусыз қалудың профилактикасының, олардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесі нақтыланды. Кәмелетке толмағандардың қоғамға жат қылықтарды жасауы мен теріс ортаға түсіп кетпеуіне жол бермеу жолында барлық қолдан келетін, нәтиже күтетін әдіс-тәсілдер, құралдар мен нысандарды барынша кешенді жалпы мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру ғана алдын ала ескерту қызметінің тиімді нәтижесін береді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы және онымен күрес жүргізу мәселелері әрдайым өзектілігін жоғалтпайды. Ол мәселелердің қазіргі уақытта қалай шешілуіне байланысты болашақтағы қылмыстылықтың жағдайы мен беталысы айқын болмақ.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы правового регулирования профилактики преступности среди несовершеннолетних и предупреждения детской безнадзорности по действующему законодательству Республики Казахстан.

Resume

In article it is considered analyses legal regulations of prevention of crime among minors and preventions of children's neglect by the current legislation of the Republic of Kazakhstan.

-
- ¹ Алауханов Е. О., Зарипов З. С. Профилактика преступлений: Учебн. — Алматы, 2008. — С. 299.
 - ² Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы. 9 шілде 2004 ж. (өзгертулерімен және толықтыруларымен) ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
 - ³ Чакубаш Ю. В. Социально-педагогические основы деятельности пенитенциарной системы США: Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. — М., 1993.